

Дөңгелек үстел

ҚАЙСАР БЕЙНЕ

А.Пушкин атындағы №2 қалалық кітапханада аты аңызға айналған Сапура Мөтенқызына арналған «Қазақ қызының қайсар бейнесі» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шара №11 Құрашасай модельді кітапханасымен бірігіп ұйымдастырылды.

Қазақ поэзиясының классигі Ізтай Мәмбетов ол туралы: «Көктемір» жалған ат еді, Өзі еді шыққан ту ұстап. Елемей қауіп-қатерді, Ел үшін іздеп ырыс, бақ», — деп жырлады.

Сапура Мөтенқызының тарихи тұлғасын таныту, ерлік пен елжандылық құндылықтарын

жетекшісі Жібек Абдуллина қазақтың қайсар қызы Сапура туралы әңгімені одан әрі жалғастырып, көптеген тарихи дерек айтты. Сөзін қорытындылай келіп, ол өзінің «Темірмен құрсауланған жұмбақ жан» атты өлеңін оқыды және «Ұлы дала мұрасы» атты кітабын кітапханаға сыйға тартты.

Шарада ардагер ұстаз Серікбай Қайдаров, тарихшы Исламғали Бітік, т.б. сөз сөйледі.



деріптеу мақсатында ұйымдастырылған шараға кітапханашылар, оқырмандар, ардагерлер мен көпсалалы «Болашақ» және АЛТ колледжінің білім алушылары қатысты.

Дөңгелек үстелді кітапханашы Нұрсұлу Ғалымжанқызы ашып, Сапура Мөтенқызы туралы мағлұмат берді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан құрылған «Руханият» танымдық-патриоттық клубының

Сондай-ақ оқырмандар да өз ой-пікірін бөлісті.

Сапура Мөтенқызы туралы арнайы әзірленген бейнеролик те көрсетілді. Кітапханашы Айша Асланқызы жас оқырмандар арасында «Суретке қарап, мақалды тап» ойынын ойнатты.

Ж.НҰРЫМГЕРЕЕВА,
А.Пушкин атындағы
№2 қалалық кітапхананың
меңгерушісі.

Байқау

ЖАМБЫЛДЫ
ЖАТТАҒАН ӨРЕНДЕР

Ақтөбедегі №45 орта мектепте оқушылар арасында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған облыстық байқау өтті.

«Жыр алыбы — Жамбыл» атты байқауға облыс орталығындағы №45, №49, №70, №79 мектептердің 5-8 сынып оқушылары қатысып, Жамбыл Жабаевтың өлеңдерін мөнерлеп оқыды. Іс-шара облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен облыстық «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығының ұйымдастыруымен өтті. Қазылар алқасы қатарында облыстық «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталығының директоры Бағдаш Төленова, №45 орта мектептің директоры Нұргүл Байниязова, т.б. болды. Алдымен ұйымдастырушылар тарапы сөз алып, байқаудың мақсатына, бүгінгі ұрпақты Жамбыл шығармашылығымен тереңірек таныстырудың мән-маңызына тоқталды.

Байқау барысында барлығы 16 оқушы өлең оқыды. Қазақтың жырлаулық поэзиясының соңғы өкілдерінің бірі, өзінің ұзақ ғұмырында қолынан домбырасын тастамай, «жыр алыбы» атанған Жамбыл шығармашылығының басты өзегі — ел тағдыры, зар заманға тап болған халықтың мұңы. Әрине, кеңестік замандағы саясаттың ізі де қалған. Ал осындай байқауларға (жалғыз осы байқау емес,

жалпы деп ескерткіміз келеді) қатысатын оқушылардың жетекшілері өткен мен бүгіннің арасын айыра бермейтіні өкінішті. Бұл жолы да сахнаға шыққан балалардың арасында кезіндегі саясат сарыны сезілетін, халқымызды қасіретке ұшыратқан көсемдердің аты айтылатын жырларды жаттап келгендер болды. Бұл қатысушы жас буыннан емес, жетекшіден кеткен қате деп білеміз.

Ұйымдастырушылар Жамбыл тұлғасын, оның шығармашылығын насихаттау мақсатында көрермен арасында да сұрақ-жауап түрінде ойын өткізді.

Қорытындысында №45 орта мектептің 5-сынып оқушысы Данияр Мұханбетәлі бас жүлде иегері атанды. Сондай-ақ Гүлназ Кәденова (№70 мектеп), Ақыл Бисекеш (№79 мектеп), Халил Бисекеш (№45 мектеп), Айбек Дәуренұлы (№49 мектеп), т.б. оқушылар жүлдегер болды. Олар дипломдар және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ барлық қатысушыға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының атынан Алғыс хаттар табысталды.

И.ЖАЙМАҒАМБЕТОВА.

Маман кеңесі

САРЫ АУРУДАН
САҚТАН!

Қоғам денсаулығы — ел болашағының кепілі. Соңғы жылдары бауыр ауруларының ішінде сары ауру деректері жиі тіркеліп жатыр. Сары ауру — жеке ауру атауы емес, ол ағзадағы биллирубин мөлшерінің артуынан тері мен көздің ағының сарғюымен сипатталатын клиникалық белгі.

Сары ауру көбіне бауырдың қабынуымен байланысты. Әсіресе вирустық гепатит түрлері кең таралған. Мысалы, Гепатит А көбіне лас су мен тағам арқылы жұғады. Ал Гепатит В және Гепатит С қан арқылы, медициналық құралдардың дұрыс залалсыздандырылмауынан немесе анадан балаға берілуі мүмкін.

Дәрігерлердің айтуынша, аурудың алғашқы белгілеріне немқұрайды қарауға болмайды. Тері мен көздің сарғюы, зәрдің қоюлануы, төбеттің төмендеуі, әлсіздік, оң жақ қабырға астындағы ауырсыну байқалса, дереу медициналық мекемеге жүгіну қажет. Ерте анықталған дерттің емі нәтижелі болады.

Сары аурудың алдын алудың ең тиімді жолы — жеке бас гигиенасын сақтау. Қайнатылған немесе сапалы ауызсу пайдалану, көкөніс пен жемістерді мұқият жуу, күмәнді тағамнан бас тарту маңызды. Сонымен қатар гепатитке қарсы вакцина салдыру — сенімді қорғаныс.

Мамандар салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану және дәрігерлік тексерістен уақтылы өтіп тұру бауыр денсаулығын сақтауға көмектесетінін ескертеді.

Қорытындылай келе, сары аурудың алдын алу — медицина қызметкерлерінің ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Өз денсаулығымызға бейжай қарамай, қарапайым сақтық шараларын орындау арқылы қауіпті аурудың таралуына тосқауыл қоя аламыз.

Бибігүл НАРЖАНОВА,
Шалқар аудандық санитарлық гигиена
зертханасының лаборанты.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi@mail.ru

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 8 сәуір күні сағат 10-00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл а.о., Жағабулақ а., Н.Қаржаубаев көшесі №6 мекенжайы бойынша «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның нысаны «Ұзындығы 9400 м жоғары қысымды газ құбыры «Жағабулақ» автоматты газ тарату станциясынан Жағабулақ ауылының газ реттеу пунктіне дейін» 2026-2035 жылдарға арналған ауа қабатына шығатын шығарындыларды нормативтеу жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, байланыс тел: +7 (7132) 76-61-49, эл. пошта: zhulduzbaev@snpc-amg.kz.

Әзірлеуші: «Asia consult» ЖШС Ақтөбе қаласы, Сәңгібай батыр көшесі №1 үй, 320 тел: 8771 908 9999; e-mail: asiaconsult@bk.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy?lang=ru» сайтында танысуға болады.

Барлық ескерту мен ұсыныс ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында, қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында және ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru» сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/85225040977?pwd=qmJmUJ05mbXiffWvDSEUj3bOvgw9fa.1>

Конференция идентификаторы: 852 2504 0977.

Кіру коды: ZfG1f4.

Қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша алуға болады: Ақтөбе қаласы, 312- атқыштар дивизиясы, 3-үй, эл. пошта: zhulduzbaev@snpc-amg.kz және +7 (7132) 76-61-49 телефоны.

Қала құрылысы жобасы
(құрылыс жоспары) бойынша
қоғамдық талқылау өткізу туралы

Ақтөбе қаласы Астана ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне, сондай-ақ Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістерімен №505 бұйрығы) сәйкес «Кіріктірілген-жапсарлас коммерциялық үй-жайлары мен паркінг бар 10 қабатты көппәтерлі тұрғын үй құрылысы» жобасы туралы хабардар ету (құрылыс жоспары туралы хабардар ету) жобасы бойынша қоғамдық талқылау өткізу туралы.

Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, 12-шағын ауданы №25 «В» учаскесі. Тапсырыс беруші: «Дастан» ЖШС (БСН 911140000203, мекенжайы: Ақтөбе қ., 12-шағын ауданы, №21 «Е» үй, №18 а пәтер, тел.: +7 7132 412111, e-mail: info@dastangroup.kz). Әзірлеуші: «Богомолов Проект Групп» ЖШС. Іске асыру мерзімі: 2026-2028 жж. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 02:036:050:114.

Өткізу нысаны: ашық жиналыс. Қоғамдық талқылауды өткізу мерзімі: 2026 жылғы 1-26 наурыз аралығы (ескертүүлер мен ұсыныстарды жинау кезеңі).

Ашық жиналыс күні мен уақыты: 2026 жылғы 31 наурыз сағат 15.00-де.

Өтетін орны: Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр даңғылы, 2А, «Daстан Hotel Aktobe» ғимараты (үлкен конференц-зал) немесе Zoom арқылы онлайн-алаң сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/77984619871?pwd=xwmxQTtMEGaeuX6ZsF62Dj6NaLSTw.1,77984619871> идентификаторы, 3ZzJCe коды.

Жоба материалдарымен танысу орны мен тәсілі: Ақтөбе қаласы Астана ауданы әкімдігі Аппаратының ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-astana?lang=kk>;

Ақтөбе қаласы Астана ауданы әкімдігінің ғимаратында: Ақтөбе қаласы, Сәңгібай батыр даңғылы, 145Б, кеңсе (тел.44-57-35), ұйымдастыру бөлімі (тел. 41-73-07), жұмыс күндері сағат 8.30-дан 17.30-ға дейін (12.30-дан 13.30-ға дейін үзіліс).

Жеке және заңды тұлғалардан ескертүүлер, ұсыныстар мен сұрақтар 2026 жылғы 27 наурызға дейін қабылданады.

жазбаша түрде: Ақтөбе қаласы, Сәңгібай батыр даңғылы, 145Б, кеңсе (тел. 44-57-35), ұйымдастыру бөлімі (тел. 41-73-07), жұмыс күндері сағат 8.30-дан 17.30-ға дейін (12.30-дан 13.30-ға дейін үзіліс);

электронды пошта арқылы: info@dastangroup.kz;

Барлық келіп түскен ескертүүлер мен ұсыныстар жобаны пысықтау кезінде қаралып, қорытылып және ескерілетін болады. Қоғамдық талқылау өткізілгеннен кейін оның хаттамасы (ашық жиналыстың бейне/аудиожазбасымен) 2 жұмыс күні ішінде әкімдік сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылатын болады.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология

департаментіне бастамашы

«Mineral Investment Group» ЖШС жоспарлы отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Ақтөбе облысындағы Үшқарасу жер қойнауы учаскесі аумағының шекарасында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары (45 блок)».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертүүлер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecode.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертүүлер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 26.02.2026 ж. – 27.03.2026 ж.

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы департамент басшысы Сәкен Жұмағалиұлы Қасымовқа аяулы анасы

Раунақ БЕРМАНҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ, Ақтөбе «Qamqo» денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорларлар қауымдастығы қоғамдық бірлестігі, Байганин аудандық ауруханасының басшысы Нұрбек Сапарұлы Ибусиновтың анасы **Әлия МЫРЗАХАНҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден озуына байланысты отбасына, балаларына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ
САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ

www.aqtobegazeti.kz

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИАТ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ СЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,

Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Қамшат ҚОПАЕВА,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер

Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12245 Тапсырыс №239

Немірдің кезекші редакторы
Айдана Алтыбаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мөтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханамызға мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

